

¹Мұханбет Ә.Ә., ²Өмірбекова Ә.Ө.

^{1,2}философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: aliaomirbek@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МУЗЕЙ КЕЛБЕТІ: МУЗА МЕКЕНІНЕН – ДИСНЕЙЛЕНДКЕ

XXI ғасырдың екінші он жылдығындағы әлеуметтік-мәдени парадигмалардың шеңберінде заманауи адам көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары мәдениетінің тұтынушысы ретінде сипатталады. «Қазіргі-кешегі» дискурсының қарқынды ауысуы құбылысында ол хронологиялық толқын жағдайымен қайшылықты қатынаста: қазіргінің тез ауысуы соншалық, кешегі орын алған сансыз ақпараттық оқиғалар бүгін мүлдем маңызын жоғалтып отырады. Постмодернистік сана қисынындағы қазіргі өткеннен туындамайды және болашақпен етене жалғасып кетеді, ал айталық, 30–40 жылдай ертеректегі тарихи оқиғалар жас ұрпақтың түйсігінде «біздің заманымызға дейінгі» секілді болып көрініс табады. Бірақ, өз тарихын ұмыту неге әкеліп соғады, бұл белгілі жәйт, соған орай, өткен кезеңдегі музей ісін жаңаша қарқынмен жаңғыртып, оның жаңа мәдени толқынға ілесу әлеуетін, заманға сай маңызын арттыру мәселесін қарастыру қажет.

Түйін сөздер: мәдениет, заманауи адам, музей, тарих, жас ұрпақ.

¹Muhanbet A.A., Omirbekova A.O.

^{1,2}The faculty of philosophy and political science, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, *e-mail: aliaomirbek@mail.ru

The image of the modern museum: from the world of the Muse - to the Disneyland

Within the framework of the socio-cultural paradigm of the second decade of the 21st century, modern man is most often characterized as a consumer of mass media culture [1, p. 143]. Against the backdrop of the rapid change in the discourse «present-past», it is in a contradictory situation of chronological fluctuations: the present is changing so rapidly that numerous information events were completely irrelevant yesterday. In the logic of postmodern consciousness, the present does not flow from the past and is very indirectly contiguous with the future, and historical events, say, 30–40 years ago, become literally «prehistoric» in the world view of the younger generation. But the danger of forgetting their history is notorious, therefore, it is necessary to rethink the experience of the museification of the past and to find ways to incorporate it into new cultural realities that are adequate to the actual worldview.

Key words: culture, modern man, museum, history, young generation.

¹Мұханбет А.А., Омирбекова А.О.

^{1,2}кандидат философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет философии и политологии, кафедра религиоведения и культурологии, Казахстан, г. Алматы, *e-mail: aliaomirbek@mail.ru

Образ современного музея: из мира музы – в Диснейленд

В рамках социокультурной парадигмы второго десятилетия XXI века современный человек чаще всего характеризуется как потребитель масс-медийной культуры. На фоне стремительной смены дискурса «настоящее-прошлое» он находится в противоречивой ситуации хронологической флуктуации: настоящее настолько стремительно меняется, что многочисленные информационные события вчера совершенно не актуальны сегодня. В логике постмодернистского сознания настоящее не вытекает из прошлого и очень косвенно соприкасается с будущим, а исторические

события, положим, 30-40-летней давности становятся в мировосприятии молодого поколения буквально «доисторическими». Но чем грозит забвение своей истории, печально известно, следовательно, необходимо по-новому осмысливать опыт музеефикации прошлого и искать способы его включения в новые культурные реалии, адекватные актуальному мировосприятию.

Ключевые слова: культура, современный человек, музей, история, молодое поколение.

XXI ғасырдың екінші онжылдығындағы әлеуметтік-мәдени парадигмалардың шеңберінде заманауи адам көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары мәдениетінің тұтынушысы ретінде сипатталады [1, 143 б.]. «Қазіргі-кешегі» дискурсының қарқынды ауысуы құбылысында ол хронологиялық толқын жағдайымен қайшылықты қатынаста: қазіргінің тез ауысуы соншалық, кешегі орын алған сансыз ақпараттық оқиғалар бүгін мүлдем маңызын жоғалтып отырады. Постмодернистік сана қисынындағы қазіргі өткеннен туындамайды және болашақпен етене жалғасып кетеді, ал айталық, 30-40 жылдай ертеректегі тарихи оқиғалар жас ұрпақтың түйсігінде «біздің заманымызға дейін» болған тарих секілді көрініс табады. Бірақ, өз тарихын ұмыту неге әкеліп соғады, бұл белгілі жәйт, соған орай, өткен кезеңдегі музей ісін жаңаша қарқынмен жаңғыртып, оның жаңа мәдени толқынға ілесуі әлеуетін, заманға сай маңызын арттыру мәселесін қарастыру қажет [2, 122 б.].

Бұл көзқарас философиялық тұрғыда белгілі бір уақыт аралығында тарихи-мәдени тәжірибені сақтау мен кейінгі ұрпаққа жеткізу арқылы жүріп отыратын заңдылықтарды ашуға бағытталған әдіске сілтеме беретін Э. Гуссерльдің феноменологиясында келтірілген. Бұл біздің қазіргі заманауи мәдениеттегі сабақтастық үрдісі, мәдени жады құбылысы немесе «ұлттың мәдени коды» дегенді білдіреді. Гуссерль тарихилық ұғымын бұрынғы өтіп кеткен ұрпақтың қазіргі кезде өмір сүріп жатқан адамдар мен қауымдастықтардың негізгі жүйесінің қалыптасуына тигізетін әсері, ықпалы ретінде бейнелейді. Басқалай айтқанда, бұл ұрпақтар арасындағы мәнді байланысты орнату мен алға жылжу үрдісі. Ол бұл байланысты «тіршілік әлемінің» тұрақтылығын сақтаудағы жүйе құрушы ретінде де түсіндіреді.

«Тіршілік әлем» бүкіл тіршілік иесінің өмір сүру шеңберін білдіреді [3]. Гуссерль бойынша, бұл әлем түпкі негізі ұжымдық жады болып табылатын материалдық және материалдық емес мағынада өмірдің тұтастығы, жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Шындығында, XXI ғасырдың басында мәдени жадының жоғалуы оның, М. Вебер айтпақшы, мәдениеттің басты діңгегі болып табылатын құндылықтық негізінің жоғалуымен

байланысты. М. Вебер өз еңбегінде: «Мәдениет, міне, бізге эмпирикалық шындықтың нақ өзі, өйткені, біз оны құндылықтық идеяларға жатқызамыз» – деп жазды.

Біз өзіміз үшін құндылықтық мәні бар дүниелерді ғана мәдениеттің негізі деп санаймыз [4, 129 б.]. Өткеннің құндылықтық мәнінің жоғалуы техногенді қоғамның дамуымен және инновациялық өзгерістер кезеңінің толқынымен байланысты. Мұндай беталыс бұрынғы этномәдени жадының келмеске кетіп, мәңгіге өшуіне алып келуі мүмкін. Постмодернистік мәдениет ұрпақтары әлемдік мәдениет мұраларын жай символдық тұрғыда, мифтік мазмұнда қабылдайды, оның басты себебі, қазіргі таңда сандық *action* (іс-әрекет) жанрының дамуымен байланысты. Осылайша, әр мәдениеттің түпкі дүниетанымдық мәні жүйе құрушы элемент, яғни, қоғамдық тұтастық пен этностың мәдени бірегейлігін қалыптастырып және ұстап тұрушы ретіндегі рөлін жоғалтады. Дәстүрлі мәдениет жиынтығы, әрі кетсе, рухани және материалдық құндылықтарды білдіретін мемориалды білім ретінде көрініс табады, алайда, қазіргі жағдайдағы әлеуметтік-мәдени үрдіске ешқандай да ықпалын тигізе алмайды. Бұл жағынан кез келген музейлік институттың негізі болып табылатын «жады мәдениеті» ұғымы антропологиялық әртүлілік пен адамзат бірлігінің құралы болады. П. Верго ұсынған Жаңа Музейтану (*New Museology by P. Vergo*) тұжырымдамасы негізінде дәл осы қағида жатыр [5, 31 б.]. Дж. Харристің келтіруі бойынша, П. Верго «музей қорындағы экспонаттардың, аса бай жәдігерлер топтамаларының құндылықтық бағасының төмендеуіне қарсылық білдірген солшыл бағыт өкілдеріне үндеу тастады. Музейдің жаңа үлгісі – бұл, өткен нәрсе туралы бос толғаныстың орнына қазіргі заманғы адамдармен және өзекті саяси мәселелермен байланыс орнатуды ең бірінші орынға шығаратын феномен» [6, 26 б.]. Жер жүзінде музей феноменінің әлеуметтік-мәдени институт ретінде ұзақ уақыттық қалыптасу тарихы тек «нәзік батылдықты» ғана паш етіп қоймай, сондай-ақ, оның ұлттық игілікті көрсетудегі үлкен мүмкіншілігін айшықтайды.

Музей (гректің *museion* – «орын», «музаға арналған орын», «муза ғибадатханасы») деген түсінік береді. Грек философтарының ерекше салтанатпен безендіріліп, жиын жасауға арналған сәнді ғимараттары антика дәуірінде осылай аталған. Музей табиғат және адам қолымен жасалған өнер туындылары мен көне заман ескерткіштерін, үлгі-нұсқаларын зерттеп жинаушы, сақтаушы, әрі бұл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып солардың негізінде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени мекеме. Немесе, әртүрлі этникалық мәдени дәстүрлердің және ұрпақаралық диалогты, тілдесуді, жүздесуді ұйымдастыратын айрықша мәдени кеңістік. Бүгінгі музейтануда қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, атқаратын қоғамдық функцияларына қарай әлеуметтік институт ретінде музей – мәдени, тарихи және ғылыми құндылықтарды сақтауға, музейлік заттар арқылы мәліметтерді жинақтап таратуға, өскелең ұрпаққа ата-бабамыздан қалған мұралар жөнінде тәлім-тәрбие беруге арналған тарихи қалыптасқан көп қырлы әлеуметтік ақпараттар институты. Музей адамзат болмысын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші дәнекер рөлін атқарады және адам бойындағы руханилық қасиетті де қалыптастыруға музей бірден бір себепші бола алады [7, 303 б.].

Мәдени-философиялық тұрғыдан алып қарасақ, тарихтың әр кезеңінде адам болмысының көріністерінің өзгерісін байқаймыз. Антика заманында «саяси жануар» (Плотон) деген ат алса, Жаңа заманда «ойлай алатын қамыс» (Б. Паскаль), ал постмодернистік кезеңде оны «өлді» деп (М. Фуко) жариялайды [8, 173 б.]. Жоғарыда келтірілген адамзат туралы пікірлерді салыстыра отырып, музейдің де адам болмысын ашушы мәдени институт ретіндегі рөлін тағы да айшықтай кетсек болады. Өйткені, адамзат өткенін музейде сақталған жәдігерлер арқылы таниды. Осы кезге дейін адам жануар жағдайында да, биологиялық жағдайында да «өлмей», тіршілігін жалғастыруы құндылықтық негізінің сақталуымен тікелей байланысты. Ал, сол негіздің жоғалмай келесі ұрпақта жалғасын табу мекені – музей екені айдан анық.

Музей – әсіресе, бүгінгі күні біздің ұрпақтар сабақтастығының ажырауы мәселесіне тап болған жағдайымызда, дамудың ең тиімді тәсілі болып табылады. 2014 жылғы қыркүйек айында Санкт-Петербуркте Халықаралық Музейлер Кеңесі (ИКОМ) жиналған «Музей және билік» атты халықаралық форумда әлемдік экономикалық кризистерге қарамастан, 2012

жылдан бастап қазірге дейін әлемде 3000 астам жаңа музей ашылғандығы жөнінде жария еткен болатын. Бұл дегеніміз, ұлттың жады – экономикалық әл-ауқаттан әлдеқайда маңызды екендігін дәлелдейді [9, 122 б.].

Сонымен қатар, баяндамашылардың көбі мәдениет пен білімге құйылатын инвестиция барлық елдерде әртүрлі екендігі туралы да бүкіл әлемге ортақ үрдісті атап өтті.

Көптеген мемлекеттер қаржының көп бөлігін білім саласына құйып, сәйкесінше мәдениеттің даму мәселелеріне аз көңіл бөледі. Бірақ, мәселенің экономикалық жағы – негізгі түйткіл емес, өйткені, мәдениет ұлттық құндылықтарға тікелей жауап беретін болғандықтан, оған мемлекеттік қолдау көрсетілуі шарт. 2014 жылғы «Музей және билік» атты форумда Халықаралық Музейлер Кеңесінің Португалиядағы экс-президенті Луиш Рапозу өзінің баяндамасында бір қызық статистика келтірген болатын. Оның айтуынша, әлемде 20 ең танымал тақырыптық саябақтар бар, соның екеуі ғана – еуропалық. Тақырыптық саябақтар – бір қарағанда, коммерциялық жоба болғанымен, қазіргі мәдениетке әсері өте үлкен екендігін атап көрсеткен. Өйткені, мұндай саябақтар елдің ең танымал белгісі, олар мемлекеттің экономикалық және саяси дамуының бірден-бір күші болып табылады. Мысалы, Ұлыбританиядағы әлемге әйгілі музейлердің қызметі ел қазынасына өндіріс пен жарнаманы қосқандағы табыстан әлдеқайда көп қаржы түсіреді. Әр бес туристің төртеуі музейді сол елге келгендегі ең басты себептерінің бірі ретінде көрсетеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 2% мәдениет өнімдері құрайды [10, 122 б.].

Сондай-ақ, мемлекеттен міндетті түрде қолдау көрсетілуі қажет мәдениет салалары бар екендігін ұмытпаған жөн. Жаһандану тұрғысында, ділге қысым жасалу қаупі жағдайында тек музей ғана қоғамдық зерденің кепілі бола алады. Бұл талаптың орындалуы үшін қала мен аймақтардағы, орталық пен шеткі аудандардағы музейлердің арасында байланысты орнату қажет.

Бірақ, мәдени сұхбаттың үлгісі жаңа заман талаптарына сай өзгеруі үшін жаңашыл бағытқа, бастамаларға құрылған басқарудың жаңа түрін енгізу қажет. Нарықтық стратегияны қоғамдық қажеттілікпен біріктіру. Жеке және қоғамдық өмірдің қызығушылықтарын үйлестіру керек.

Михайл Пиотровский «Музей және билік» форумында айтып кеткендей: «Мәдениет пен биліктің басты мәселесі саясаттың қашан да

мәдениеттен жоғары тұруында. Мәдениет мемлекеттің бәсекеге қабілетті басым тұсы болуы қажет» [11, 49 б.]. Бүкіл әлемде мемлекеттен гөрі демеушілер мен меценаттар мәдениетке қолдау көрсетудің әлсіздерге көмектесу емес, табысы мол инвестиция екендігін ертерек ұғынды, өйткені бұл болашақтың инвестициясы.

Шартты түрде айтқанда, муза мекенінен Диснейлендке қарай жылжу керек. Музейдің ойын-сауықтық рөлі білім мен тәрбиенің бір бөлігі ретінде болуы шарт [12].

XX ғасырдың басында, еуропалық әлемде мәдени парадигмалардың түбегейлі ауысуы орын алған кезінде өнер музейлерінің статусы, мақсаты – міндеті өзгерді. Мүлдем жаңа бағытты ұстанушы – футуристер музейді «өнер қабірі» деп атайтын болды және жаңа тәжірибелер үшін ескілерінен құтылуға шақырды. Содан бері жүз жылға жуық уақыт өтті. Көркемөнер музейлері әлі де сол баяғыдай мәдени өмірдің орталығы. Олардың сақтау, қорғау, зерттеу экспозициялау секілді бұрыннан қалыптасқан міндеті де өзгеріссіз күйінде. Өнер музейлерінің тек форматы мен бейнесі ғана өзгереді. Әлемдік жетекші өнер музейлерінің қызметі заманауи қоғам қажеттіліктеріне сай жүріп отырады. Қарым-қатынас құралдары өзгеруде, қазір олар бұрын-соңды болмаған әртүрлілікті қабылдау үстінде. Қазіргі адамдардың қабылдауы мен ойлау жүйесінің өзгеруі көркемөнер музейлерінің қызмет көрсету бағытының өзгеруіне өз ықпалын тигізуде.

XX ғасыр бойы музейлердің статусы ұлғайып, басқа да әлеуметтік мәдени институттардың қызметтерін өзіне алуына байланысты мәдени ақпаратты трансляциялаудың негізгі құралына айналды [13]. Егер бұрындары музейлерге баратындардың негізгі легі жоғары білімді, оқыған адамдар және олардың ұрпақтары болса, қазірде музейлерге барушылардың әлеуметтік құрамы біршама кеңейген. Қазіргі әлеуметтік мәдени жағдай музейлерге жаңа идеялар, білімдер, рухани құндылықтар іздеуге итермелейді. Осылайша музейлер қоғамдық сананың дамуын белгілі деңгейін бейнелейтін институттан біртіндеп оған жаңаша серпін беретін институтқа айналууда. Осыдан біраз уақыт бұрын музей экспозицияларын орналастыруда ғылыми схемаларға сүйенушілік күшті болса, қазірде қойылған жәдігерлердің мағынасы мен мазмұнын жеткізу үшін түрлі әдіс-тәсілдер мен жаңашылдық таныту кеңейіп келеді. Яғни, ақпараттың аса мол уақытында, тек музей қабырғасында ала алатын әсерлер

беруге бағытталған материалды келушілерге ұсынуда бірегейлік пен ерекшелік жасауға тырысушылық басым. Алайда адамдардың рухани, танымдық, рекреациялық қажеттіліктерін өтеу орындарының барған сайын молайып, өз қызметтерін жетілдіріп отыруы музейлер үшін жаппай бәсекелестік заманында үлкен сын болып отыр. Елдің әл-ауқаты жоғары болған жағдайда ол көп білінбесе, экономикалық дағдарыс кездерінде ол сұраныс тіптен түсіп кетуі мүмкін. Батыс елдерінде XX ғасыр бойы саны жағынан ұлғайып келген музейлердің көпшілігінің жағдайы қазірде мәз емес көрінеді. Германияда мәдени менеджмент саласының белді мамандары болып табылатын Дитер Хазельбах, Армин Кляйн, Пиус Кнюзель және Штефан Опиц елде мемлекет есебінен жұмыс істеп тұрған музейлер, кітапханалар мен театрлардың жартысынан артығын жауып тастауды ұсынды. Мәдени саясаттың елде сәтсіздікке ұшырағандығы туралы «Мәдени инфаркт: барлық жерде бір-біріне ұқсастық тым көп» деген кітапта жан-жақты ашылып жазылған [14, 118 б.].

Музей ісіндегі тағы бір тенденцияға арнайы мамандандырылған музейлердің, яғни белгілі бір топқа, аудиторияға арналған музейлердің ұлғаюы. Олардың қатарына балаларға арналған музейлерді немесе белгілі бір қоғамдық мәселеге арналған музейлерді жатқызуға болды. Балаларға арналған музейлердегі экспозициялар музейлік педагогика құрастырған әдістемелерге сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. 2004 жылы Израильдің Холон қаласында мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған бірінші қозғалмалы көрменің негізі қаланды. Музей ішіндегі «Түнектегі диалог» деп аталатын көрме келушілерді бір мезет көзі көрмейтін адамдардың әлемімен таныстырады. Келуші тастай қараңғыда көзі көрмейтін адамды жетектейтін таяқты ұстап, түрлі дыбыстарды, иістерді, машиналардың, қала көшелерінің дыбыстарын айыруға үйренеді. Көрменің павильондары көшенің, парктің, порттың тіптің кафенің үстелдеріне дейін асқан шынайылықпен берілген. Музейде құлағы естімейтін адамдардың әлемімен танысуға арналған көрме де бар [15, 155 б.].

Цифрлы технологиялар мен IT саласының дамуы музейлік жәдігерлерді 3D моделдерін құру арқылы қайта қалпына келтіру ісін жаңа деңгейге көтерді. Қазірде дамыған батыс елдерінде осы технологиялар кеңінен етек жайған сала болып табылады. XX және XXI ғасырлар тоғысында пайда болған Digital Humanities деген пәнаралық

бағыт қазірде гуманитарлық ғылымдардың барлығын дерлік өзіне қосады десек болады. Қазірде осы бағытта жұмыс жасайтын 100-ден астам ғылыми зерттеу орталықтары, университеттерде кафедралар белгілі. Олардың ішінде ең танымалы Лондон корольдық колледж (King's College London) Digital Humanities кафедрасы. Олардың жасаған жобаларына Британ музейінен цифрлау арқылы электрондық форматқа өткізілген 10000-ға жуық өнер туындыларының электрондық кітапханасы, 1550 жылға дейінгі ағылшын ортағасырлық музыкасының цифрлы архиві және тағы басқа тарихи мәліметтердің электрондық базалары жатады. Электрондық базалар қазірде одан ары толықтырылып, жетілдірілу үстінде [16, 54 б.]. Әрине, бұл технологияларды ұтымды және орынды пайдалану ғана қажетті нәтиже беретіндігі сөзсіз. Дегенмен, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың музей ісіне кіруін қайтымсыз үрдіс деуге болады. Бұл жерде қай музей осы технологияларды неғұрлым ерте және тиімді пайдалана алса сол ұтары анық. Осы тенденцияны түсінген біздің үкімет 2025 жылға дейін виртуалды мұражайлар желісін құру және барлық мұражай қорларын, концерттік жазбаларды, материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұраның атаулы туындыларын электрондық форматқа көшіруді жоспарлауда.

Қазақстанның ірі қалаларының әрқайсында өзінің сурет өнері, мүсін, сәндік өнер туындыларының бірегей топтамалары жинақталған музейлері бар. Көркем өнер музейлерінің басты қызметі – құнды жәдігерлерді халықтың келіп көруіне жағдай жасау, және де көрерменнің бойына өнерге деген құлшынысты дарыту. Көрерменнің назарын өнерге аудару [17, 156 б.].

Музей – қылқалам шебері мен көрерменнің бір-бірімен кездесетін орны десек болады. Кейде, ғасырлар, кейде кеңістік арқылы. Бірақ, медиа-технологияның шарықтап дамуына қарамастан, олардың басқа кездесу орны жоқ. Сурет өнерінің сипаты мен табиғаты осындай – ол көрерменнің сурет туындысының алдында тұруын талап етеді. Тек осы жағдайда ғана суретшінің шығармасы арқылы жеткізгісі келген ойын түсіну, оны өзінше бағамдап, жаңа бір ойдың, идеяның тууына жол ашылады. Алайда, бұл көріністің үзілмей үнемі жалғасын тауып отыруы үшін музей экспозициялық кеңістігіне жан бітіруі керек, барлығы әсерлі, бейнелі және заманауи болуы шарт [18, 184б.]. Қазақстан Республикасының музейлер қоры аса көркем

дүниелерге бай, бұл дүниелер, негізінен, кеңестік кезеңдерде жинақталып, 1990 жылдардағы ауыр дағдарыс уақытында музей қызметкерлерінің күш салуы арқасында сақталып қалды [19]. Біздің музейлер адамдарға, коллекцияларға өте бай. Әр музейдің өзіне тән есте қаларлық кейпі бар, әрине бұл сол жерде тынымсыз еңбек ететін музей қызметкерлерінің жұмысының жемісі. Иә, біздің музейлердің тәжірибесі көп, құнды жәдігерлеріміз де жетерлік, алайда осы музейлеріміздің мемлекет тарапынан көрсетілер көмекке мұқтаждық мәселелері де аз емес.

Алдымен, мәселенің басы қаржыға келіп тіреледі. Жәдігерлер топтамасын толықтыру, музей қорын қазіргі отандық авторлардың туындыларымен жасақтау, барлығы қаржыға байланысты. Қазіргі уақытта көп музейлерде бұған қаржы мүлдем бөлінбейді, бөлінсе де, өте аз көлемде. Кеңес кезеңінде бейнелеу өнері туындылары қалай жиналды? Құрамында әйгілі өнер майталмандары, өнертаушы теоретиктер жинақталған арнайы сарапшы-сатып алушы комиссия болды [20, 99 б.].

Бұл комиссия жылына екі рет барлық туындыларды қарап, бағалап, ең жақсыларын музейге алды. Осылай музей қоры толығып отырды, сондай-ақ, олардың экспозицияға сәйкестілігі, айшықтылығы басты назарда болды. Алынған дүниелер сол кезеңдегі уақыттың бір бөлшегі іспеттес болды. Токсаныншы жылдары бұл тәжірибе үзіліп, әлі күнге дейін қайта жаңғыртылмай отыр.

Сонымен қатар, іріктеудің байқаулық жүйесі – бұл өнер деңгейінің өсуіне үлкен кепіл бола алады [21]. Мұндай жүйе ежелгі Грецияда ойлап табылып, кең қолданылған болатын. Музей қорына немесе, жалпы, музей ішіне қойылатын жәдігерлерді іріктеу жүйесі өте күрделі, көп нәрсеге тәуелді, әрі аса үлкен көңіл бөлуді қажет ететін жұмыс, өкінішке орай, көп музейлердің осал тұсы да осы. Ең алдымен, мемлекеттен бөлінетін қаржыға байланысты. Екіншіден, бұл процестің қаншалықты ашық жүргізілетініне байланысты.

Іріктеудің жария түрде өтуі – жоғарыда айтылған Қазақстанның қазіргі өнер саласындағы ең айтулы есім мен туындыны таңдау міндетін сәтті жүзеге асырудың бірден бір кепілі. Әрине, біздің музейлерге әлемдік деңгейдегі шетелдік авторлардың еңбектерін алып келсе, нұр үстіне нұр болар еді, алайда, әзірге қазіргі жағдайымызда бұл тек утопия ғана. Көркемөнер қорларын толықтыру тек мемлекет есебінен қаржыландырылуы шарт емес. Әлемдік

тәжірибеде бұл міндетті өзіне алатын қамқорлық кеңестері бар [22, 48 б.]. Бірақ, мұндай жағдайда қамқорлық кеңестерінің заңды түрде мәртебесі бекітіліп, соған сәйкес атқаратын қызметтері айқындалуы керек. Егер де отандық музейлер қызметінде осындай тәжірибелер қабылданбаса, олардың ары қарайғы даму келешегі кері көрініс берері хақ.

Көркемөнер музейлерінің алдында тұрған тағы да бір түйткіл – кадр мәселесі. Қазіргі таңда жаңашыл ойлай алатын арт-менеджерлер, қайта қалпына келтіру ісі бойынша кәсіби дайындалған мамандар, т.б. өте тапшы. Сондай-ақ, музей саласында «музей ісі» бойынша маманданған жас мамандардан гөрі басқа сала қызметкерлері көп. Бұл да болса еліміздегі музейлердің дамуының жолына үлкен кедергілердің бірі болып отыр.

Қазіргі заманауи үлгідегі өнер музейлері туралы тағы да қосып кеткім келіп тұр. Музей ішінде диалогтік, тіпті, полилогтік, яғни, барлық адамдар бірін-бірі түсіне алатындай сұхбаттық кеңістік қалыптастыру қажет. Мен бұл сөзбен қазіргі өнер музейлерінің тек ересектерге арналғандығы туралы айтқым келді [23, 181].

Бірақ, музей кеңістігіне жас буынды тарту үшін оларды таңқалдыру керек, музейді ескірген, солғын атмосферадан арылту қажет.

Қазіргі заманғы музейлер, менің ойымша – әрқашан кішкене аттракцион – шытырман аралас экшн жанрында болғаны дұрыс. Эрмитаж экспозицияларындағы Манифест осының жарқын мысалы. Музейге ойын-сауық өндірісімен бәсекелестікке түсу шарт емес шығар, алайда, сонан қалайда өз орнын табуы керек.

Тағы бір өзекті мәселе – музей қорын электронды форматқа көшіру, іздеу жүйесіне ыңғайландырып жасақталған бірыңғай ақпараттық база жасақтау. Музейлер тек сақтау мен қалпына келтіру жұмыстарымен ғана айналыспайтынын есте сақтау керек, олар сондай-ақ, зерттеу, түсінік беру жұмыстарымен де шұғылданады. Ал жәдігерлерді кең ауқымда зерделеу үшін жақсы мәліметтер базасы барлығына қолжетімді болуы керек. Осы үшін де ІТ-технологиялар болуы қажет. Виртуалды музей жасақтау арқылы шалғай аймақтарда тұратын немесе әлеуметтік мүмкіншілігі шектелуіне қарамастан үйде отырып-ақ қажет ақпараттарды оңай тауып, пайдалана алу мүмкіндігін туғызуға әбден болады [24, 33 б.].

Музей қорын цифрлық үлгіге көшіру – өте қиын, ұзақ уақытты алатын, әрі біліктілігі жоғары кәсіби мамандарды, заманауи жабдықтар

мен қаржыны қажет ететін жұмыс. Бірақ, бұл жұмысты жақын арада қолға алу қажет. Қазақтың төл туындылары әлемге паш етіп көрсетуге тұрарлық теңдесіз дүниелер екені сөзсіз.

Әйткенмен, Қазақстандағы музейлер – мәдени кірігудің көрінісі. Еуропалық типтегі музейлер жүйесі, негізінен, Ресей империясының құрамына енген кезеңнен бастап модернизация үрдісінің нәтижесі ретінде пайда болды.

Қазақстан музейлері 1991 жылы өз алдымызға егемен ел болып, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап өзіндік даму бағыты айқындалып, құлашын кеңге жая бастады. Осы уақыттан бастап ғылыми зерттеу жұмыстарының өзіндік даму жолы басталды десек болады, музей желілерінің ауқымы кеңейіп, жаңа типтегі музейлер пайда болды. 2005 жылы тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының өтпелі кезеңі аяқталып, енді оның дамуының жаңа сатысы басталады. Қазақстан музейлері ұлттық нақышта сипат алып, басты бағыты дәстүрлі, ұлттық өнерді паш етумен байланысты болғандықтан, музейлердің техномәдени-ағартушылық құрылымына үлкен қолдау көрсетілуі керектігі жөнінде мәселе түбегейлі көрініс тапты [25, 122 б.].

Келесі заманауи даму кезеңі 2011-2012 жылдардан басталып, оның негізгі сипатты белгісі мемлекеттік мекемелер тарапынан көрсетілген көмек пен қаржылық қолдау негізінде кәсіби музейлік іс-шаралардың ұйымдастырылуы болып табылады. Мысалы, «Музей түні» бүкілқазақстандық акция ретінде жарияланып, мәдениет және ақпараттар Комитетінің қолдауымен елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде барлық музейлерде өткізілетін болды.

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Халқына жолдауына сәйкес жүзеге асып, 2013 жылға дейін мерзімі ұзартылған «Мәдени мұра» (2004-2006 жж.) мемлекеттік бағдарламасы Ұлттық стратегиялық жоба ретінде музейлердің ғылыми-зерттеу қызметінің дамуына серпін берді [26, 178 б.].

Қазіргі таңда нақты емес деректер бойынша әртүрлі бағыттағы 200-ден астам музейлер бар деп есептеледі, алайда мұның аз екені сөзсіз.

Жаңа музейлердің құрылуы толқын іспетті жүрді: елімізде 1991 жылдан кейін, шамамен, музейлердің 1/3 пайда болды [27, 155 б.].

Негізінен, Тәуелсіздік кезеңінде құрылған жаңа музейлер, бұлар – аудандық тарихи-өлкетану музейі мен қазақ мәдениетінің дамуына үлесін қосқан тарихи тұлғаларға арналған музейлер болды. Батырлардың дәстүрлі бейнесін паш ететін қазіргі «Қаһармандық» музейлерінде

белгілі жағдайларға байланысты кеңестік кезеңде көрсетілмей қалған тарихи уақиғалар желісін қазақтың қоғамдық санасына қайта алып келу талабы тұр.

Осындай музейлерді жасап шығару кезіндегі басты қиыншылық экспозиция ретінде көрініс тауып және сол арқылы көрермен жинауға болатындай тәлтума, түпнұсқа экспонаттардың жоқтығы.

Жалпы, түпнұсқа мен көшірменің арақатынасы туралы сұрақ қазақстандық музейлер үшін ең түйткілді болып табылады. Экспозицияда көшірмені пайдаланудың тарихы біршама уақытты қамтиды және тәжірибеде айтарлықтай кеңінен пайдаланылады. Алайда, бұл әдісті шамадан тыс қолданатын болса, онда қоғамдық санада түпнұсқаның маңызы жоғалып, музейдің түпнұсқа құнды жәдігерді сақтайтын орын ретіндегі мазмұны беделін жоғалтады. Сондай-ақ, музейдің қарым-қатынастық кеңістік екенін де айта кету керек. Және, музейдің жергілікті қоғам өкілдері арасында кездесу мен қарым-қатынас орны ретінде қабылданатынына да көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, Кеңес Одағының батыры атанған ең бірінші қазақ қызы Мәншүк Мәметованың Орал қаласындағы музейі «Фронтвичка» клубы жұмысының арқасында көп уақыттан бері қала тұрғындарының жүрегін жаулай білді, тіпті облыс көлемінде де танымалдылыққа ие. Бұл музей де Ақтөбедегі Кеңес Одағының батыры атанған Әлия Молдағұлованың мемориалды музейі секілді қаладағы әскери патриоттық жұмыстар өткізетін орталыққа айналды. Бұл ретте, «Әлия музейінің» кең көлемдегі қорында түпнұсқа мемориалдық зат біреу ғана, сонымен қатар, музейдің орналасқан жері де – мемориалды орын емес [28, 165 б.].

Көшірмелер – экспозициялық мәліметтер рөлін атқарған жағдайда, заманауи сәндік өнердің мүмкіндіктері мен тәжірибелерін мейлінше көбірек пайдалану қажет. Белгілі бір жерде экспонат ретінде орын алған түпнұсқа ерекше маңызға ие болады, келушілердің назарын аударып, қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызады, алайда, қазіргі таңда бұл әдіс, өкінішке орай, қазақстандық музейлерде сирек қолданылады.

Мақсатты ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ретінде ғылыми қалпына келтіру жұмыстарын қолға алу да бір жол болып табылады. Бұл жерде түпнұсқаның қай жерде орналасқаны маңызды емес, ол Санкт-Петербуркте не Лондонда болуы мүмкін, өйткені, мұндай

жағдайда «әлемдік ойлау жүйесі» сынды ұғымға жүгінеміз [29, 49 б.]. Музей мен келушілер үшін түпнұсқаның мәдени құндылық ретінде бар екендігі және оның музей не қандай да бір коллекция жинақтаушының емес, адамзаттың игілігі екендігі өте маңызды. Мысалы, қазақ хандығы дәуірінен жеткен түпнұсқа жәдігерлер – Қазақстанда өте сирек дүние және олардың көбі негізінен шетелдік мұрағаттарда сақталған. Бірақ, қазіргі таңда, мұндай тарихымыздан сыр шертетін аса бағалы жәдігерлер туралы мәліметтер «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында біздің ғалымдарымыздың көмегімен анықталып, елімізге, Қазақстанға көшірме күйінде болса да, қайта алып келінуде.

Тағы да бөлек бір мәселе ретінде жергілікті, аудандық және мектептерде орналасқан шағын музейлердегі түпнұсқа-көшірме туралы болмақ. Олар үшін балаларға арналған музейлердің тәжірибесін қолданған ең оңтайлы шешім болар еді, себебі, мұнда түпнұсқа мен соның жаңадан жасалған көшірме нұсқасының арасындағы айырмашылықты қолмен ұстап көре алады. Ең дұрысы, аудан, ауылдық музейлерді жас ерекшеліктеріне сәйкес бөліп, тек балаларға арнап қайта жасақтау қажет, ал ғылыми бағыттағы музейлерді зерттеу базасы мен арнаулы мамандары бар үлкен қалаларға қалдырса болады.

Қазір музейдің мақсат-міндеті өзгерген кезеңде, ол тек деректерді, құнды жәдігерлерді сақтап, көрсетумен айналысып қана қоймай, сонымен қатар, көшірме, жаңа дүниелерді, қайта қалпына келтірілген заттарды сақтаушы және кейінгі ұрпаққа жалғастырушы институт [30, 479 б.].

Бүгінгі таңда біз ақпараттық технологияның дамуы есебінен туып отырған дәстүрлі және жаңа көзқарастардың қақтығысын көріп отырмыз. Қазақстан музейлері үшін басым екі үрдіс: материалдық емес мұраның құрып кету қаупі төніп тұрған мәдени дәстүрлерін, соның ішінде «ауызша таралған», сақтау және қолдау; алыс өркениеттер дамуының «негізгі» үрдісіне ілесуге мүмкіндік беретін көрнекі бағыттарды дамыту.

Қазіргі заманғы қазақстандық музейлерде алдыңғы орынға «табиғилық» сипаты шығады, бұл біздің музейлердің ерекшелігі мен келешегін анықтайды.

Қазақ мәдениетінде ауызша және көркемдік дәстүр өте рөл атқарады, сондықтан, музыкалық және әдеби музей кешендерінің орны ерекше. Қазақтың дәстүрлі көшпенділік мәдениеті қазіргі күнге дейін жәдігерлер табылған жерлерде музей қоры болып жасақталуда. Қазақстан

халқының мәдениетінің көрінісі мемориалды музейлер мен музей-қорықтарда көп көрініс тапқандықтан, болашақта елімізде музей желісі осы бағытта дамитын секілді.

Қорыта келе, музей кешегі мен қазіргіні байланыстырып, кезеңдер арасындағы бірегейлікті қалыптастырушы институт ретінде жұмыс атқарады. ХХІ ғасырдағы музейлердің басты ерекшелігі адам туралы жаңа білімді өндіруші сатысына көтерілуі болып табылады.

Жаһандық сипаты мәдениеттер арасындағы, соның ішінде музейлер арқылы жүзеге асатын диалогты қолдайды. Музей – көпір десек болады.

Музей тек қоғамға қызмет етіп қоймайды, оны біріктіреді. Жаһандану тұрғысында, ділге қысым жасалу қаупі жағдайында тек музей ғана қоғамдық зерденің кепілі бола алады. Бұл талаптың орындалуы үшін қала мен аймақтардағы, орталық пен шеткі аудандардағы музейлердің арасында байланысты орнату қажет.

Бірақ, мәдени сұхбаттың үлгісі жаңа заман талаптарына сай өзгеруі үшін жаңашыл бағытқа, бастамаларға құрылған басқарудың жаңа түрін енгізу қажет. Нарықтық стратегияны қоғамдық қажеттілікпен біріктіру. Жеке және қоғамдық өмірдің қызығушылықтарын үйлестіру қажет.

Әдебиеттер

- 1 Кириллова Н. Медиакультура как объект исследования. – М., 2005.
- 2 Гуссерль, Э. Избранные работы / сост. В.А. Куренной. – М.: Издательский дом «Территория будущего», 2005.
- 3 Вебер М. Избранные произведения. – М., 1990. Gbénahou Roch Alfred Amour Kiki. The museum: a social transformer // Proceedings in International conference «Museum and Politics». – St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014. – P. 220-230.
- 4 Julie Black Museum PR: Investigating The Role of Public Relations in the Museum Community, USA, American University, April 2011-<https://www.american.edu/soc/communication/upload/Julie-Black.pdf>.
- 5 Харрис Д. «Наша печаль, наше хрупкое мужество»: музеефикация и новая музеология // Вопросы музееведения. – 2011. – №1. – С. 31-40.
- 6 Мастеница Е. Феномен музея: опыт музеологической рефлексии // Вопросы музеологии. – 2011. – №1(3). – С. 20-30.
- 7 Fiskesjo Magnus. The Global Repatriation Debate the New «Universal Museums.» P. 303-307.
- 8 Rapkievian C. Taking a Stand in a National Museum to Provoke Change in Society// Proceedings in International conference «Museum and Politics». St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014, P. 171-178
- 9 Dr. Andrey Khazbulatov, Dr. Olga Baturina. Draft Concept of cultural policy of the Republic of Kazakhstan – first experience // Proceedings in International conference «Museum and Politics». St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014, P. 418-422
- 10 Беззубова О. Музей как инстанция художественного, научного и идеологического дискурсов: автореферат дисс. на соиск. уч. степени канд. философ. наук. – СПб., 2003. <http://cheloveknauka.com>
- 11 Материалы международной конференции «Музеи и Власть». 9-12 сентября 2014 года, г. Санкт-Петербург / Выступление М.Б. Пиотровского.
- 12 National idea in the context of dialog of cultures , ТК (Gabitov, T. Kh.) VOPROSY FILOSOFII 2013, №3, P. 49-57
- 13 Асылбеков Қ. Музейлердің туризмде алатын орны // <http://kazmuseum.kz/maman-kenesi/item/1482-lttyk-muzej>
- 14 Захарченко И. Н. Художественный музей как храм современной культуры (новые веяния в архитектуре и экспозиционной практике XX столетия) // Вестник Государственного университета им. А. С. Пушкина. Научный журнал. – Т. 2. Философия. – № 3. – 2013. – С. 118-125
- 15 Мастеница Е. Н. Музеология в пространстве междисциплинарного взаимодействия // Вестник Государственного университета им. А. С. Пушкина. Научный журнал. – Т. 2. Философия. – № 3. – 2013. – С. 155–163
- 16 Kulsariyeva A., Masalimova A., Omirbekova A.. EXPO 2017 is as a strategic objective of cultural policy //3RD cyprus international conference on educational research (CY-ICER 2014) . Procedia Social and Behavioral Sciences. Tom – 143
- 17 Асанова С.А. Основные этапы истории музейного дела Казахстана // Музееведение и историко-культурное наследие [Текст]: сб. ст. / Кемеровский государственный университет культуры и искусств. – Кемерово: Кемеров. гос. ун-т культуры и искусств, 2009 – Вып. III. – С. 156–166.
- 18 Батурина О.В. Новый образ современного музея – от храма к Диснейленду // Музей XXI века. Стратегия развития: Сборник статей Международной научно-практической конференции к 80-летию Государственного музея искусств РК имени А. Кастеева. 2015, 184-б.
- 19 Griffin, J. (2011). The Museum Education Mix: Students, teachers and museum Educators. In D. Griffin & L. Paroissien (Eds.), Understanding Museums: Australian Museums and Museology. Canberra: National Museum Australia.
- 20 Trembacj, S.A., and Deng, L. (2015). Social media and participatory culture: Opportunities and challenges for reforming the contemporary museum. In Hastings, A.K. (Ed.), Annual Review of Cultural Heritage Informatics: 2014. (pp.99-116).
- 21 Boches, E. (2013). Getty Museum being social with ideas that engage. Accessed from <http://edwardboches.com/getty-museum-being-social-with-ideas-that-engage>.
- 22 Role of Museums in Education and Cultural Tourism Development: Policy Brief. / Authorscompilers: Maryna Skyrda, Kateryna Chuiyeva (Ukraine), Aleksei Boiko, Boris Stolyarov, Sophia Kudriavtseva, Evgeniy Lunyaev (Russia), Alla Stashkevich (Belarus). Project coordinators: Liubava Moreva (UNESCO), Olga Barakaeva (IFESCO). — Kiev, 2012. — 48 p.

- 23 Jenkins, H., et al. (2009), *Confronting the challenges of participatory culture: Media education for the 21st century*. A MacArthur Foundation Report, Cambridge Mass., London: The MIT Press; Arnone, M., Small, R, Chauncey, S, McKenna, P (2011), «Curiosity, interest and engagement in technology-pervasive learning environments: a new research agenda», *Educational Technology Research and Development*, 59(2), 181-198.
- 24 Cameron D. A viewpoint: the Museum as a Communication System and Implications for
- 25 *Museum Education // Curator*. 1968. № 1. P. 33–40.
- 26 Разгон А.М. Музейный предмет как исторический источник // *Проблемы источниковедения истории СССР и специальных исторических дисциплин: Статьи и материалы*. – М., 1984.
- 27 Беззубова О.В. Теория музейной коммуникации как модель современного образовательного процесса // *Коммуникация и образование: Сб. статей*. – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2004.
- 28 Разгон, А. М. Музейная сеть единого многонационального социалистического государства. А.М. Разгон // *Музейное дело в СССР*. – М., 1985. – Л. 13.
- 29 Кукашев Р.Ш. К вопросу о новых подходах в методологии научного проектирования музейной экспозиции. – Алматы, 1998.
- 30 Жангелдин Е.Т. Центральный государственный музей Казахстана: приоритеты и тенденции развития // *Вопросы изучения истории и культурного наследия Казахстана*. – Алматы, 1998.
- 31 Irina Korobina. The role of museums in the foundation and development of social capital and public space. The place of museums in ideas about contemporary urban planning and development // *Proceedings in International conference «Museum and Politics»*. St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014, P. 479-481

Referencrs

- 1 Kirillova N. *Mediakul'tura kak ob#ekt issledovaniya*. – М., 2005.
- 2 Gusserl', Je. *Izbrannye raboty / sost. V.A. Kurennoj*. – М.: Izdatel'skij dom «Territorija budushhego», 2005.
- 3 Veber M. *Izbrannye proizvedeniya*. – М., 1990. Gbénahou Roch Alfred Amour Kiki. The museum: a social transformer // *Proceedings in International conference «Museum and Politics»*. – St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014. – P. 220-230.
- 4 Julie Black Museum PR: Investigating The Role of Public Relations in the Museum Community, USA, American University, April 2011-<https://www.american.edu/soc/communication/upload/Julie-Black.pdf>.
- 5 Harris D. «Nasha pechal', nashe hrupkoe muzhestvo»: muzeefikacija i novaja muzeologija // *Voprosy muzeevedeniya*. – 2011. – №1. – S. 31-40.
- 6 Mastenica E. Fenomen muzeja: opyt muzeologicheskoy refleksii // *Voprosy muzeologii*. – 2011. – №1(3). – S. 20-30.
- 7 Fiskesjo Magnus. The Global Repatriation Debate the New «Universal Museums.» P. 303-307.
- 8 Rapkievian C. Taking a Stand in a National Museum to Provoke Change in Society// *Proceedings in International conference «Museum and Politics»*. St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014, P. 171-178
- 9 Dr. Andrey Khazbulatov, Dr. Olga Baturina. Draft Concept of cultural policy of the Republic of Kazakhstan – first experience // *Proceedings in International conference «Museum and Politics»*. St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014, P. 418-422
- 10 Bezzubova O. Muzej kak instancija hudozhestvennogo, nauchnogo i ideologicheskogo diskursov: avtoreferat diss. na soisk. uch. stepeni kand. filosof. nauk. – SPb., 2003. <http://cheloveknauka.com>
- 11 *Materialy mezhdunarodnoj konferencii «Muzei i Vlast'»*. 9-12 sentjabrja 2014 goda, g. Sankt-Peterburg / *Vystuplenie M.B. Piotrovskogo*.
- 12 National idea in the context of dialog of cultures , TK (Gabitov, T. Kh.) *VOPROSY FILOSOFII* 2013, №3, P. 49-57
- 13 Asylbekov K. Muzejlerdin turizmde alatyn orny // <http://kazmuseum.kz/maman-kenesi/item/1482-ltyk-muzej>
- 14 Zaharchenko I. N. Hudozhestvennyj muzej kak hram sovremennoj kul'tury (novye vejanija v arhitekture i jekspozicionnoj praktike XX stoletija) // *Vestnik Gosudarstvennogo universiteta im. A. S. Pushkina. Nauchnyj zhurnal*. – T. 2. Filosofija. – № 3. – 2013. – S. 118-125
- 15 Mastenica E. N. Muzeologija v prostranstve mezhdisciplinarnogo vzaimodejstvija // *Vestnik Gosudarstvennogo universiteta im. A. S. Pushkina. Nauchnyj zhurnal*. – T. 2. Filosofija. – № 3. – 2013. – S. 155–163
- 16 Kulsariyeva A., Masalimova A., Omirbekova A.. EXPO 2017 is as a strategic objective of cultural policy //3RD cyprus international conference on educational research (CY-ICER 2014) . *Procedia Social and Behavioral Sciences*. Tom – 143
- 17 Asanova S.A. Osnovnye jetapy istorii muzejnogo dela Kazahstana // *Muzeevedenie i istoriko-kul'turnoe nasledie [Tekst]: sb. st. / Kemerovskij gosudarstvennyj universitet kul'tury i iskusstv*. – Kemerovo: Kemerov. gos. un-t kul'tury i iskusstv, 2009 – Vyp. III. – С. 156–166.
- 18 Baturina O.V. Novyj obraz sovremennogo muzeja – ot hrama k Disnejlendu // *Muzej XXI veka. Strategija razvitija: Sbornik statej Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii k 80-letiju Gosudarstvennogo muzeja iskusstv RK imeni A. Kasteeva*. 2015, 184-b.
- 19 Griffin, J. (2011). *The Museum Education Mix: Students, teachers and museum Educators*. In D. Griffin & L. Paroissien (Eds.), *Understanding Museums: Australian Museums and Museology*. Canberra: National Museum Australia.
- 20 Trembaj, S.A., and Deng, L. (2015). Social media and participatory culture: Opportunities and challenges for reforming the contemporary museum. In Hastings, A.K. (Ed.), *Annual Review of Cultural Heritage Informatics: 2014*. (pp.99-116).
- 21 Boches, E. (2013). *Getty Museum being social with ideas that engage*. Accessed from <http://edwardboches.com/getty-museum-being-social-with-ideas-that-engage>.

22 Role of Museums in Education and Cultural Tourism Development: Policy Brief. / Authorscompilers: Maryna Skyrda, Kateryna Chuieva (Ukraine), Aleksei Boiko, Boris Stolyarov, Sophia Kudriavtseva, Evgeniy Lunyaev (Russia), Alla Stashkevich (Belarus). Project coordinators: Liubava Moreva (UNESCO), Olga Barakaeva (IFESCO). — Kiev, 2012. — 48 p.

23 Jenkins, H., et al. (2009), *Confronting the challenges of participatory culture: Media education for the 21st century*. A MacArthur Foundation Report, Cambridge Mass., London: The MIT Press; Arnone, M., Small, R., Chauncey, S, McKenna, P (2011), «Curiosity, interest and engagement in technology-pervasive learning environments: a new research agenda», *Educational Technology Research and Development*, 59(2), 181-198.

24 Sameron D. A viewpoint: the Museum as a Communication System and Implications for

25 *Museum Education // Curator*. 1968. № 1. R. 33–40.

26 Razgon A.M. Muzejnyj predmet kak istoricheskij istochnik // *Problemy istochnikovedeniya istorii SSSR i special'nyh istoricheskikh disciplin: Stat'i i materialy*. – M., 1984.

27 Bezzubova O.V. Teoriya muzejnoj kommunikacii kak model' sovremennogo obrazovatel'nogo processa // *Kommunikacija i obrazovanie: Sb. statej*. – SPb.: Sankt-Peterburgskoe filosofskoe obshhestvo, 2004.

28 Razgon, A. M. Muzejnaja set' edinogo mnogonacional'nogo socialisticheskogo gosudarstva. A.M. Razgon // *Muzejnoe delo v SSSR*. – M., 1985. – L. 13.

29 Kukashev R.Sh. K voprosu o novyh podhodah v metodologii nauchnogo proektirovaniya muzejnoj jekspozicii. – Almaty, 1998.

30 Zhangeldin E.T. Central'nyj gosudarstvennyj muzej Kazahstana: priorety i tendencii razvitija // *Voprosy izuchenija istorii i kul'turnogo nasledija Kazahstana*. – Almaty, 1998.

31 Irina Korobina. The role of museums in the foundation and development of social capital and public space. The place of museums in ideas about contemporary urban planning and development // *Proceedings in International conference «Museum and Politics»*. St. Petersburg, Russia, September 9-12, 2014, P. 479-481